

Басқұдық ЖОББМ-нің 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдық бойынша психологиялық қызметтің жыл бойына атқарылған жұмыстарының талдауы

Басқұдық жалпы орта білім беретін орта мектебінің жоспарына сәйкес 1 сынып білім алушылардың мектепке дайындығын тексеру мақсатында **«Кери Нерасик»** тесті өткізілді. Зерттеуге 1 сыныптан 15 оқушы қатысты. Сынып жетекшісі оқушылардың оқуға бейімделуі, 1-сыныпқа бейімделуі жөнінде жұмыстарды күшейту. Пән мұғалімдерімен тығыз байланыста отыру, оқушылардың ортаға бейімделуі бойынша мектеп психологімен байланыста болу. Төмен деңгейдегі оқушы анықталмады. 2-4 сынып оқушыларына тренинг өткізілді. Сонымен қатар, 5 сыныпта оқушылардың мотивациясын анықтауға арналған **Н.Г.Лусканова** сауалнамасы алынып, Сынып жетекшісі оқушылардың орта буынға бейімделуін, 5-сыныпқа бейімделуі жөнінде жұмыстарды күшейту. Оқушылардың ортаға бейімделуіне байланысты пән мұғалімдерімен және психологімен тығыз байланыста болу. Нәтижесінде сыныптағы психологиялық ахуал бір қалыпты реттелген, бейімделмеген оқушы анықталмады.

«Буллингтің алдын алу», «Зорлық-зомбылықтың» 4 сынып оқушыларына түсіндіру жұмысы жүргізілді, қойылған сұрақтарға жауап берілді. «Буллингтің алдын алу», «Зорлық-зомбылықтың» 5 сынып оқушыларына түсіндіру жұмысы жүргізілді. 8-11 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді, тренингтер өткізілді. Мақсаты: Жасөспірімдер арасында қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір – біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

Өзін-өзі қадағалауды анықтау мақсатында психологиялық күйлерді бағалау бойынша «Айзенк»тесті алынды.

Агрессия түрін анықтауға 6-11 сынып оқушыларына арналған **Басса-Дарки** сауалнамасы алынды. Қастандыққа жақын 1 оқушы анықталып, жартылай сұхбатқа шақырылып өзінің сұрақтарға түсінбегенін айтты.

«Реніштен арылу» 5- сынып оқушыларына тренинг өтті. Мақсаты:Білім алушылардың ашу-ызаға толы сезімдерін қауіпсіз күйде айтуда үйрету.

«Интернет қауіпсіздігі» тренинг 6-8 сынып білім алушыларына ұйымдастырылды. «Зорлыққа бірге қарсымыз» 6-8 сынып оқушыларымен әңгімелесу-сұхбаттасу болды. «Балалар ұжымындағы буллингтің алдын алу» тренингдәріс мұғалімдерге ұйымдастырылды. «Кибербуллингтің алдын алу», «Менің көңіл күйім»тренингі өтті. «Әлемді зорлық-зомбылықтан тек жақсылық күтқарады» тақырыбында эссе байқауы өтті. 6-9 сынып оқушылар арасында. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 8-9 сынып ата-аналарымен «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу»тақырыбында ақпараттық сағат ұйымдастырылды.

Ойынқұмарлық (Лудомания) 6-11 сынып оқушыларына өткізілді. Мақсаты: Ойынқұмарлықтың адамның өмірін бұзып, психикалық және физикалық денсаулығына әсер етуі туралы мағлұмат беру.

Оқушылардың қазіргі уақыттағы ойын мәселесі туралы түсінігін қалыптастыру; Оқушыларға ойынның бар кемшіліктерін түсінуін дамыту;

Оқушыларды адамгершілік мәдениетіне тәрбиелеу.

Зорлық- зомбылықтың алдын алу мақсатында бастауыш сынып оқушыларына тренинг ұйымдастырылып, эмоционалдық әл-қуатын дамыту мақсатында «ДосболLike» «Достық қолыңды ұсын» акциясы ұйымдастырылды.

Оқушылардың бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында **«О.Кондаш»** тесті диагностикасы 7 сынып оқушыларынан алынды. Тест қорытындысы бойынша мазасыздық деңгейі жоғары оқушы анықталмады.

Оқушылар арасында қарым-қатынасты анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларына арналған **«Социометрия»** әдісі алынды. Нәтижесінде сыныптар арасында оқшауланған оқушы жоқ Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы қалыпты деңгейде.

Қатыгездік пен зорлық, оларға қалай қарсы тұру керек. Мен жеке тұлғамын. Эмоциялық интеллектінің қалыптастыру «Кибербуллингтің алдын алу» мақсатында 7-11 сынып оқушыларына тренинг өткізілді. «Ерте жүктілік ертеңі қандай?» ерте жүктіліктің алдын алу ата-аналарға баяндама, кеңес берілді.

Девиянтты мінез-құлықты оқушылар	Зауыт полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар	Мектепшілік есепте тұрған оқушылар	Тәуекел тобына алынған оқушылар	Бақылауға алынған
жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

2024-2025 оқу жылының I жарты жылдық бойынша «Сенім жәшігіне» келіп түскен мәліметтерді тіркеуге алынып, қойылған сауал, сұрақтары бойынша жауаптар қайтарылды.

Басқұдық ЖОББМ	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
	0	0	0	0
қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
0	0	0	0	0

Мектеп директорының у.м.а.:



С.А.Искакова

Педагог-психолог:



А.Е.Самиянова